

Муртбаев

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМБЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

2-апта

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы

Топ: мектепалды топ «Құлыншақ»

Педагогтің аты-жөні: Қуанышова К.Н

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды: 10.03-13.03.2026ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
		10.03.2026ж.	11.03.2026ж.	12.03.2026ж.	13.03.2026ж.
«Өз ана тілінде сөйлеп, өзінің төл әдебиетін сақтаған халықтың ғана еркін өмір сүруге құқы болатынын әрдайым естен шығармау керек ...» Ахмет Байтұрсынов					
Балаларды қабылдау		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Келіп қалыпты қонағымыз, Келіп қапты қошақанымыз. Қанекей, қонақты қарсы алайық, Сәлем айтайық. (Д. Ахметова)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Кім бізге келіп қалды? Кім күнге сәлем салды? Кімнің көзі күлімдейді? Кім "Алақай! дейді? (Д. Ахметова)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Қаз-қаз келеді балақай, Қолдарымен бұлғайды былай. Қанекей қарайық... Пай-пай! Балақайымыз өсіп қалыпты таудай. (Д. Ахметова)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе		"Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға	«Түстерді үйрену қарапайым және көңілді»	«Кішкентай балаларға арналған құрылыс	«Кішкентай балаларға арналған құрылыс

баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		үйрету"		жиынтығын таңдау»	жиынтығын таңдау»
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		«Өнегелі тәрбие». "Жуыну әдебі" (мәдени-гигиеналық дағдылар) Мақсат-міндеттер. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру: жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау. «Наурыз көжені дайында» ойыны. (жапсыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу. Ойын барысы: фланелеграфқа қазанның суреті бекітілген. «Сықырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны.	«Өнегелі тәрбие». Ересектің іс-әрекетін бақылау. Ойыншықтарды қорапқа жинау (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) Мақсат-міндеттері: қоршаған орта заттарына қызығушылықты ояту; ойыншықтардың шашылғанына көңіл аудару; қорапқа жинауға шақыру. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, "болады – болмайды". Ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін заттарды көрсетуге, түсіне қарап ажыратуға мүмкіндіктер жасау, эмоционалды тұрғыдан қолдау. Ойын-имитация. "Лактар". (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды	«Өнегелі тәрбие». "Қалауын білдіру, сұрану әдебі" (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірдегі заттардың атын атау, ересектерден көмек сұрауға үйрету. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдауға, олардың ауызша айтылған талаптарды орындауға баулу. Түбекке сұрануға, өз түбегінің орнын білуге, тек өз түбегіне отыруға үйрету. «Тостағанға тостак таңдап ал» дидактикалық ойыны. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табакша мен сары кесе және т.б. Негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.	«Өнегелі тәрбие». "Үстел үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау керектігі туралы түсіндіру. "Қайдасың? Ку-ку!" ойыны. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту (шағын топтардағы ойын). Тәрбиеші ""ку-ку"" дейді де, орамалдың артына тығылып қалады. Балалар біраз уақыт қарап, күтеді. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалмен мүмкіндігінше ұзақ ұстау. Біраз уақыт ештеңе болмайды. Балалар апайларын күтеді, өйткені

		(сенсорика) Максат-міндеттер. Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық "көз бен қолды" үйлестіру. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету. Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер.	көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, лактардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу. Балаларға лактардың маскаларын кигізу. "Лағым". Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның. Ақ лағым, ақ лак, Мазалама маңырап. Бөпеме де сүт керек, Кете көрме жамырап! С. Желдірбаева	Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер. Педагог балаларға бүгін қуыршақтар қонаққа келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді. - Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді? Педагог табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды. Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Ересектің көмегімен такпақтарды қайталап айтуға, саусақ гимнастикасын өз бетінше ойнауға баулу Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.	орамалдың артынан шығады деп, күтіп отырады. Тәрбиеші пайда болған кезде, ол балаларды шақырады. Сол кезде балалар қуанады. Балалар мен тәрбиеші күледі. Ойын осылай жалғаса береді. Құрырыс материалдармен ойындар. (сенсорика, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. қарапайым сұрақтарға жауап беру.
--	--	---	---	--	---

				Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тапқакты жатқа айтуға тырысады. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін, Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың.	
Ертеңгілік жаттығу		Жалпы дамыту жаттығулары (текшелермен) (дене тәрбиесі) 1. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды алға созып, текшелерді көрсету, "міне". 2 - Б. Қ. (4 рет қайталау) 2. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды жан-жаққа жаю, созу. 2-3 - қолдарды жоғары көтеріп, текшені текшеге соғу. 4 - Б. Қ. (3-4 рет қайталау) 3. Б. Қ. - Н. Т., текшелер еденде, алда. 1 - тізе бүгіп, отыру, текшелерді қолға алу; 2 - тұрып, текшені текшеге	Жалпы дамыту жаттығулары (текшелермен) (дене тәрбиесі) 1. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды алға созып, текшелерді көрсету, "міне". 2 - Б. Қ. (4 рет қайталау) 2. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды жан-жаққа жаю, созу. 2-3 - қолдарды жоғары көтеріп, текшені текшеге соғу. 4 - Б. Қ. (3-4 рет қайталау) 3. Б. Қ. - Н. Т., текшелер еденде, алда. 1 - тізе бүгіп, отыру, текшелерді қолға алу; 2 - тұрып, текшені текшеге	Жалпы дамыту жаттығулары (текшелермен) (дене тәрбиесі) 1. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды алға созып, текшелерді көрсету, "міне". 2 - Б. Қ. (4 рет қайталау) 2. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды жан-жаққа жаю, созу. 2-3 - қолдарды жоғары көтеріп, текшені текшеге соғу. 4 - Б. Қ. (3-4 рет қайталау) 3. Б. Қ. - Н. Т., текшелер еденде, алда. 1 - тізе бүгіп, отыру, текшелерді қолға алу; 2 - тұрып, текшені текшеге	Жалпы дамыту жаттығулары (текшелермен) (дене тәрбиесі) 1. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды алға созып, текшелерді көрсету, "міне". 2 - Б. Қ. (4 рет қайталау) 2. Б. Қ. - Н. Т., текшелер шынтақта бүгілген қолдарда, алдында. 1- қолдарды жан-жаққа жаю, созу. 2-3 - қолдарды жоғары көтеріп, текшені текшеге соғу. 4 - Б. Қ. (3-4 рет қайталау) 3. Б. Қ. - Н. Т., текшелер еденде, алда. 1 - тізе бүгіп, отыру, текшелерді қолға алу; 2 - тұрып, текшені текшеге

		соғу; 3 - отырып текшелерді еденге қою; 4 - Б.Қ. (2 рет қайталау)	соғу; 3 - отырып текшелерді еденге қою; 4 - Б.Қ. (2 рет қайталау)	соғу; 3 - отырып текшелерді еденге қою; 4 - Б.Қ. (2 рет қайталау)	соғу; 3 - отырып текшелерді еденге қою; 4 - Б.Қ. (2 рет қайталау)
		4. Секіру. 1-4 рет. Жүрумен (1-4) кезек орындау. Барлық жаттығуларды 3-4 рет қайталау.	4. Секіру. 1-4 рет. Жүрумен (1-4) кезек орындау. Барлық жаттығуларды 3-4 рет қайталау.	4. Секіру. 1-4 рет. Жүрумен (1-4) кезек орындау. Барлық жаттығуларды 3-4 рет қайталау.	4. Секіру. 1-4 рет. Жүрумен (1-4) кезек орындау. Барлық жаттығуларды 3-4 рет қайталау.
Таңғы ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету. Сүлгіні қолдануды үйрету. Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге ынталандыру, ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	(қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту). Құрдастары мен айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап беру (күлімсіреу – қуаныш). Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Неткен сұлу көктем шак! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем.				
Кестеге сәйкес ҮІӨ		Музыка "Әжемізге қонаққа барайық" Мақсат-міндеттер. Музыка жетекшісі көрсеткен қимылдарды қабылдау және қайталау қабілетін дамытуды жалғастыру. Балаларды жаңа әнмен және бимен	Дене тәрбиесі "Қазақ халқының ұлттық ойыны" Мақсат-міндеттер. Балаларды еңбектеу және таяқша (арқанның) астынан жорғалап өтуге жаттықтыру, гимнастикалық орынықта	Дене тәрбиесі "Қаршығалар мен қарлығаштар" Мақсат-міндеттер. Балаларды бірінен кейін бірі гимнастикалық орынықта жүруге жаттықтыру, орыныққа шығып, түсуді	

		таныстыру. Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақырыңыз.	жүру қабілетін бекіту, кеңістікті бағдарлай білуін, тепе-теңдікті сақтау сезімін дамытуға ықпал ету. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Жүруді, еңбектеуді жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.	үйрету; гимнастикалық орындықта еңбектеп жүру; кеңістіктегі тепе-теңдік пен бағдар сезімін дамытуға ықпал ету. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.	
		Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар Тақырыбы: «Ақылды роботтың достары» Мақсат-міндеттері: Балаларды жасанды интеллект туралы шағын әңгіме және өлеңмен таныстыру; мәтіннің мазмұнын түсініп, мәнерлеп айтуға үйрету; тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру, сөздерді анық айтуға және байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру; тыңдау мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын «жасанды интеллект», «робот», «ақылды көмекші»,	Сенсорикадан ойын-жаттығулар "Әжемізге қонаққа барамыз" Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі бойынша салыстыруды, екі қасиетін бір уақытта ажырата білуді: түсін және шамасын, заттарды түсі бойынша топтау, зейінділік, бір орында отыру қабілетін және жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Мүсіндеу жаттығулары. (мүсіндеу) Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Ермексазды, сазбалшықты қолдануда қауіпсіздікті қадағалау. Педагог балалардың ынтасын ояту үшін, белгілі ойыншықты, затты немесе ертегі кейіпкерінің суретін (ойыншығын) көрсетеді; көркемсөз үлгісін айтып береді.	Заттық суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Суреттегі заттардың атын атау, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Педагог суреттерде не немесе

		«компьютер» сөздерімен толықтыру; сұрақтарға толық жауап беруге және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.			кім бар екенін, (қажеті бар болса, түсі қандай), не істетегін сұрайды. Жауап құруға көмектеседі. Суретке қатысты көркемсөзді оқып беруге болады.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) «Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру. «Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөге және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау).				
Серуен		Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсындар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұксап дыбыстайықшы. Жарайсындар!	Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Өсімдіктерге деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу. Өсімдіктердің (ағаш) өзін немесе оларды суретінен тануға және атауға үйрету. Ағаштардың бүршік атқанын байқату. Педагогтің сөзін тыңдауға үйрету. Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып.	Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (бұлт, жел). Педагогтің сөзін тыңдауға үйрету. Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып,	Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шакырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер.

	"Құстар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыققа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшындар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріндер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Өнді салып беріндер. Д. Ахметова Педагог балалар біраз отырып, демалып алғаннан кейін, оларға қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. «Шеңберге лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Допты, екі қолымен ұстап, алға	(Д. Ахметова) "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. «Таяктарды баспай жүреміз» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Таяктардың арасымен топпен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту.	Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. «Құстар ұшады» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Негізгі қимыл түрлерін (жүруді, жүгіруді) жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылық танытуға үйрету. Қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету. Орындықтың орнына балаларға самалжайға ("ұяға") жиналуды ұсыну. Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан ұшып шығып, дән іздейді». Балалар ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады. «Шеңберге лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы.	Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыققа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Таяктарды баспай жүреміз» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттер. Таяктардың арасымен топпен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту.
--	--	--	--	---

		лақтыруға үйрету. Қимылдар үйлесімдігін қалыптастыру. Жағымды эмоцияларды дамыту.		(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты, екі қолымен ұстап, алға лақтыруға үйрету. Қимылдар үйлесімдігін қалыптастыру. Жағымды эмоцияларды дамыту.	
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Өз шкафын таңбалауыш арқылы тануды үйрету. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға үйрету. Қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру. Балаларды өздігінен тамақтануға ынталандыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.)				
Күндізгі ұйқы		(мәдени-гигиеналық дағдылар, музыка, қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды	(мәдени-гигиеналық дағдылар, музыка, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.	(мәдени-гигиеналық дағдылар, музыка, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке	(мәдени-гигиеналық дағдылар, музыка, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке

		үйретуді жалғастыру. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру.	Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».	сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу, баяу ырғақты музыка тындату.	сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. «Шұбар тауық» ертегісін оқып беру.
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(дене тәрбиесі) Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" жаттығуы. Аяқтарды биік көтер, міне, былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Балаларды шынықтыруда ауа ванналарын күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолдану (ауа ванналарының ұзақтығын 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзарту). Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауаны) пайдаланып, жүргізу. Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті		"Бір" және "көп" дамытушы ойыны. (сенсорика, сөйлеуді дамыту	«Менің үй жануарым» мультфильмін қарау. Мақсат-міндеттер. Қабылдау,	"Қораптың қақпағын табу" ойыны. (сенсорика)	Заттық суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған

(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		мен көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту. Тәрбиеші ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мүкият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз. Үй жануарының суретін (ойыншығын) қарастыру (бота). (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Жалпак және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту. Қоршаған ортадағы жануарларға (бота) қызығушылықты ояту,	үй жануарларының және басқа жануарлардың дыбыстарын ажырату, еліктеуіш сөздерді айту. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, музыка) “Үлкен және кішкентай ойыншықтар” дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың өлшемін (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсіну. Қоршаған ортаның заттарына қызығушылықты ояту. Заттардың көлеміне (үлкен, кіші) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (қояды, салуды) жасау. Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту, балалардың сенсомоторлық "көз бен қолды" үйлестіру. Құралдар. Көклемі екі қорап, көлемі екі түрлі, біркелкі ойыншықтар. Тапсырма. Ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай"	Мақсат-міндеттер: заттарды үлгі бойынша таңдау. Әртүрлі пішіндегі қораптар (дөңгелек, төртбұрышты, тікбұрышты, үшбұрышты) және соларға сәйкес қақпақтар. Тәрбиеші баланың қолын ұстап тұрып, қораптың ашылуына қажетті пішіні бар қақпақты көрсетеді. Балалар қақпаққа сәйкес келетін қорапты табулары керек. «Бізге қонақтар келді» музыкалық ойыны. (музыка, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнауға баулу. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Жабдық: саусаққа киілетін ойыншықтар (аю, қоян, құс), дабыл, металлофон, қоңырау.	әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Суреттегі заттардың атын атау, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Педагог суреттерде не немесе кім бар екенін, (қажеті бар болса, түсі қандай), не істейтінін сұрайды. Жауап құруға көмектеседі. Суретке қатысты көркемсөзді оқып беруге болады.
--	--	--	--	---	--

		олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бээ -бота), төрт түліктің атауын (бота) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Шағын тақпақтарды тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Нұрхан Жанаев Түйе баласын «бота» дейміз, Кішкене бір жота дейміз.	бойынша жіктеу, көлемі екі қорапқа жиналу керек.		
Балалармен жеке жұмыс		Алимен Мақсат-міндеттер. Ермексаздың кішкене бөліктерін тұтастай қысып, түзу қозғалыстармен жайып, ұштарын байланыстыра білуге жаттығу жасату. (мүсіндеу)	Эминмен «Үй жануарлары» саусақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттер. Ересектің көмегімен тақпақтарды қайталап айтуға баулу. Ұсақ моториканы дамыту, саусақтардың қозғалысын үйлестіру. Жағымды эмоцияларды дамыту,		Жұлдызбен "Гүлдер" өлеңін оқу. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Ересектің көмегімен тақпақтарды қайталап айтуға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер,

			ересекке деген сенімділікті арттыру. Тышқан қашты мысыктан Еденде саусақтармен қашады. Қатты –қатты жүгірді. Жылдам жүгіреді Орын тапты қуыстан, Екі қолының саусақтарын айкастыра жұдырықтайды Зәресін мысық ұшырды.		Жайнар кезім келді-деп, Қанаттарын желбіреп, Таңмен бірге оянып, күн нұрына боянып. Көрік бердің балаға. Тұманбай Молдағалиев.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) «Өнегелі тәрбие». Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әр балаға күн тәртібін біртіндеп үйрету. Серуенге қызығушылықты ояту. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру. «Қауіпсіздік». Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шашпау).				
Серуен		«Қауіпсіздік». Бағдаршамды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер ететінін байқату. Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру,	Жалауларды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жел). Қоршаған ортаның заттарына қызығушылықты ояту. Негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажыратуға үйрету. Балалардың көңілдерін учаскеде ілінген жалауларға аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.	«Қауіпсіздік». Құстарды (торғайларды) бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы құстарға қызығушылықты ояту. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру. - Балалар, құстардың дыбыстарын тыңдайықшы... Құстар шыр-шыр етеді. Құстар не істейді? (ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастарды шоқуы). Шыр-шыр еткен торғайды,	«Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына еліктеу) қатынасуға үйрету. Айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап беру (күлімсіреу – қуаныш). Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды

		"болады – болмайды", "қауіпті" сөздерінің мағынасын түсіндіру. "Бағдаршамдар ұйықтамайды". Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымындайды, жымындайды. Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары. Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл. Көзі көп, біреу басы. Д. Ахметова «Таяктарды баспай жүреміз» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таяктардың арасымен топпен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту.	Қарандар, Таң қалмандар. Мерекеге дайындалдық, Жіпке жалаулар ілдік. Желге желбіреп олар Бізге көзайым болар. - Балалар, бұлар не? - Жалаулар. Жалаулар желпілдейді. Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік. «Шеңберге лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты, екі қолымен ұстап, алға лақтыруға үйрету. Қимылдар үйлесімдігін қалыптастыру. Жағымды эмоцияларды дамыту.	Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Балаларға қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіріп, жаттығуларды жасату. «Таяктарды баспай жүреміз» қимылды ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таяктардың арасымен топпен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жағымды эмоцияларды дамыту.	қалыптастыру. Сыпырушының қимылдарына назар аудару (сыпырғышты, күректі пайдалану), өз жұмысын жақсы орындайтыны, тазалықты жасайтыны туралы айту. Жағымды көңіл-күйді дамыту. Қандай әдемі айнала! Қандай тап-таза аула! Бұл аула тазалаушының ісі. Аула тазалаушы - ең керемет кісі. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды тепе-теңдікті сақтап, бір- біріне соғылмай, белгілі бағытта жүруді жетілдіру. Жағымды эмоцияларды дамыту. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дербес іс-әрекет) Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Өз шкафын таңбалауыш арқылы тануды үйрету. Киініп-шешіну				

	кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және киюді үйрету. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Сөздік қорды киімдер түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну) әрекеттерін білдіретін сөздермен толықтыру. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға (қолдарын сабындауға көмектесу, аққан судың астына қолдарын тосып ұстау) ынталандыру; эмоционалды тұрғыдан қолдау. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Максат-міндеттер. Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Максат-міндеттер. Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Максат-міндеттер. Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, ауызша сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттер. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау. Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Максат-міндеттер. Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конус негізді (өзегі) пирамидаға,	

		кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка)	кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка)	кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка)	кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. (музыка)
Балалардың үйге қайтуы		"Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету"	«Түстерді үйрену қарапайым және көңілді»	«Кішкентай балаларға арналған құрылыс жиынтығын таңдау»	«Кішкентай балаларға арналған құрылыс жиынтығын таңдау»